

Тоғыз ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 31 шілдедегі № 3 "Тоғыз ауылдық округіне қарасты елді мекендерге көше атауларын беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Тоғыз ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 20 қаңтардағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 20 қаңтарда № 8018 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына және Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 490 және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 479 " Ақтөбе облысының Алға, Ырғыз, Мәртөк, Мұғалжар және Шалқар аудандарының кейбір елді мекендерін тарату туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6570 болып тіркелген бірлескен қаулысы және шешімі негізінде, Тоғыз ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тоғыз ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 31 шілдедегі № 3 "Тоғыз ауылдық округіне қарасты елді мекендерге көше атауларын беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-13-115 болып тіркелген, 2009 жылғы 9 қыркүйекте "Шалқар" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

кіріспесіндегі "№ 148" және "№ 4200" сандары алынып тасталынсын;

1 тармақ келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Тоғыз ауылдық округіне қарасты елді мекендердегі көшелерге төмендегідей атаулар берілсін:

1) Төсбұлақ елді мекені бойынша:

"Теміржолшылар" көшесі;

2) Жылан стансасы бойынша:

"Жылан", "Көктымақты" көшелері;

3) Кеңдала елді мекені бойынша:

"Хан жалы", "Кеңдала" көшелері;

4) Көпмола стансасы бойынша:

"Теміржолшылар", "Көпмола", "Қопатай", "Қаратал", "Үшқурай" көшелері."

2. "Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Тоғыз ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Тоғыз ауылдық округінің әкімі

Б. Ідрісов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК